

БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

► Nur Otan

Стратегиялық мақсаттар жүзеге асады



Nur Otan партиясының кезектен тыс XX съезінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан қазіргі ахуалға қарамастан стратегиялық даму мақсаттарын дәйекті түрде іске асыратынын атап өтті.

– Партиямыздың кезектен тыс XX съезі күрделі әрі маңызды кезеңде өткізіліп отыр. Бұл мемлекетіміздің қоғамдық-саяси өміріндегі айтулы оқиға. Бүгінде Nur Otan партиясы ел тағдырына жауапты ең басты саяси

күшке айналды. Халқымыз бұл кезеңде зор сенім артты. Әсіресе, жаһандық дағдарыс кезінде ел аманатын ерекше көңіл бөлуіміз керек. Бүкіл әлемге тараған пандемия Қазақстанға да оңай тиген жоқ. Мемлекет азаматтарымыздың денсаулығын қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдап жатыр», – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы партия тарапынан халыққа ұдайы қолдау көрсетіліп келе жатқанын, партия

белсенділері және еріктілері мұқтаж жандардан көмегін аймағанын атап өтті.

– Осындай нақты жұмыспен жанашырлық береке-бірлігімізді арттыра түседі. Елбасы саясатының сабақтастығын қамтамасыз ету – негізгі міндеттің бірі. Мен биылғы Жолдауымда партияның қоғамдағы жетекші ролі туралы айттым. Біз реформаларды жүзеге асыру барысында Nur Otan партиясының зор әлеуетіне сүйенеміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

► Өңірге сапар

Вакциналар зауыты салынууда

Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов бастаған үкіметтік делегация Жамбыл облысының Қордай ауданына барды.

Жұмыс сапары барысында вице-премьер Гвардейский ауылындағы Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты жанындағы отандық имундық препараттар шығаратын зауыттың құрылысы барысымен танысты. Зауыт Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес салынууда. Құрылыс-монтаждау жұмыстары биыл аяқталады, қазіргі уақытта барлық инженерлік коммуникациялар жүргізілген. Жұмысқа 145 адам және 30 бірлік техника жұмылдырылған. Зауыт өз жұмысын келесі жылдың бірінші тоқсанында бастайды. Мұнда әлемдік стандарттарға сәйкес иммунобиологиялық препараттар, оның ішінде ко-



ронавирус инфекциясына, тұмауға, туберкулезге, бруцеллезге, нодулярлық дерматитке, басқа да инфекциялық ауруларға қарсы вакциналар шығарылатын болады. Жыл сайын биопрепараттардың 30-60 млн дозасын өндіру жоспарланып отыр. Премьер-министрдің орынбасары институт қызметкерлерімен кездесіп, оларды өңімізге тартты.

Бұдан соң Е.Тоғжанов инсти-

тут қызметкерлеріне арналған 60 пәтерлік үйдің құрылысын көрді. Нысанның құрылысы тағыз айында басталған, ол келесі жылдың басында пайдалануға беріледі. Тағыз екі тұрғын үйдің құрылысы жоспарлануда. Институт жұмысымен танысқан соң Ералы Тоғжанов Қордай ауданының дамуы, сондай-ақ ғылыми-зерттеу институтының өзекті мәселелерін шешу жөнінде кеңес өткізді.

► Баға

Коммуналдық тарифтер сақтала ма?



Табиғи монополияларды реттеу комитетінің төрағасы Асан Дарбаев Қазақстанда биыл коммуналдық қызметтердің тарифі 2019 жылға қарағанда қаншалықты өзгергенін айтып берді.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2020 жылдың қаңтарында тарифтер өсіп кетпес үшін 2019 жылы тығыздық жұмыс жүргізілді. Коммуналдық қызметтердің орташа жоспар-

лы өсімі 15 пайыз деп болжанған еді», – деді А.Дарбаев ОКК-да өткен баспасөз мәслихатында.

Комитет басшысының айтуынша, Президент тапсырмасын орындау үшін 400-ге тарта қоспорынның жұмысы талданған. Өндірістік функцияларға қатысу жоқ және басым емес шаралар айқындалды. Осы шараларды іске асыру отырып, табиғи монополия субъектілерінің шығын бөлігі 16,4 млрд теңгеге дейін азайтыл-

ды. Оған бөлек, табиғи монополия субъектілерінің басым емес бағыттары бойынша тағы 10,4 млрд теңге онтайландырылды. Осы шаралардың арқасында тарифтердің жоспарлы өзгерісі 0,5 пайызға ғана өзгерді (2020 жылдың 1 қаңтары мен 2019 жылдың 1 қаңтары салыстырғанда). Жылмен, сумен қамту және су тарту бойынша тарифтер төмендеді.

Спикер электрмен қамту тарифінің өсуін стансаларда шекті тарифтердің 15 пайызға қымбаттауымен байланыстырады. Сонымен қатар алағай жылы коммуналдық тарифтер биылғы деңгейде сақталатынын мәлім етті. «Біз де тариф өзгерісінің орнында болуын реттейтін нақты ережелер бар. Олар – инвестициялық бағдарламалардың тартымдылығы, тарифтік сметаларды түзету туралы ережелер. Осының бәрі бізге 2021 жылы халық үшін тарифтерді 2020 жылғы деңгейде сақтауға көмектеседі», – деді А.Дарбаев.

► ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Үкіметтің кезекті отырысында елді мекендерді газдандыру мәселесі қаралды. Сонымен бірге өңірлердің экологиялық проблемаларын кешенді шешу жөніндегі жол картасын іске асыру барысы пысықталды. Премьер-министр Асқар Мамин міндеттердің басымдылығы мен өзектілігіне тағы бір назар аударды.

БОТАҒӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Жиында атап өтілгендей, Қазақстанда әлемдік энергетика нарығындағы секілді энергия тасымалдаушылардың басқа түрлерін өндіру мен тұтынуға қарағанда, газ өнеркәсібінің қарқынды дамып келе жатқаны байқалады. Биыл елімізде газ тұтыну 16,5 млрд м³ дейін өседі деп күтілуде. Ең алдымен, бұл электр энергиясын өндіру үшін 50% газ, коммуналдық-тұрмыстық секторға 36%, өнеркәсіпке 14% пайдаланатын тұтынушылар санының артуына байланысты. Осы жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан халқы газдандыру көрсеткіші 53% деңгейінде жоспарланған, 9,8 млн адам табиғи газға қол жеткізе алатын болады. 2025 жылы газдандыру деңгейі 2120 елді мекенді немесе 11,7 млн тұрғынды қоспағанда 60%-ға жетеді. Бұған «Сарыарқа» жобасының 2 және 3 кезеңдерін іске асыру, Шығыс Қазақстан газдандыру, сондай-ақ өңірлік желілерді кеңейту және реконструкциялау ықпал ететін болады.

Үкімет басшысы Энергетика министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп, 2021 жылғы 1 сәуірге дейін ҚР газдандырудың бас схемасының әкешендірілген жобасын әзірлеуді тапсырды. Солүстік өңірлерді газдандыру мақсатында А.Мамин 2021 жылғы 1 наурызға дейін «Сарыарқа» газ құбыры жобасының 2 және 3 кезеңдерін іске асыру бойынша техникалық-экономикалық негіздемелерді жанартып, барлық сараптамаларды алуды тапсырды. Сондай-ақ 2021 жылғы 1 сәуірге дейін Шығыс Қазақстан облысын газдандыру тұжырымдамасын дайындау қажеттілігі атап көрсетілді. Түркістан, Ақтөбе, Жамбыл, Манғыстау, Батыс Қазақстан, Алматы облыстары мен Алматы қаласының әкімдіктеріне газбен жабдықтау объектілеріндегі ақауларды жою және оларды кейіннен пайдаланушы ұйымдардың теңгеріміне беру үшін жергілікті бюджеттерден қажетті қаражатты қарастыру тапсырылды.

Өңірлердің экологиялық проблемаларын кешенді шешу жөніндегі жол карталарын іске асыру барысы-

Газбен қамту, экологияны жақсарту: Кешенді даму дәрежені арттырады



на тоқталсақ, биыл Қазақстанда «ластаушы төлейді – түзейді» қағидаты бекітілетін жана Экологиялық кодексті қабылдау көзделген. Бұл жана реттеу жүйесі аясында өндіріске жана экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізуге көп ашылды. 2019 жылдың қорытындысы бойынша атмосфералық ауаның экологиялық мониторингіне сәйкес, 45 елді мекен ішінде 10 қала атмосфералық ауаның жоғары ластану деңгейіне жатады. Олар: Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды, Теміртау, Атырау, Ақтөбе, Балқаш, Өскемен, Жезқазған және Шымкент қалалары. Сонымен қатар, ластаушы заттар шығарындарының өндірісін азайту мақсатында А.Мамин 2021 жылғы 1 наурызға дейін «Сарыарқа» газ құбыры жобасының 2 және 3 кезеңдерін іске асыру бойынша техникалық-экономикалық негіздемелерді жанартып, барлық сараптамаларды алуды тапсырды.

«Елдегі экологиялық жағдайды жақсарту – Мемлекет басшысы алдымызға қойған басым міндеттердің бірі», – деді А. Мамин. Осы ретте Үкімет басшысы Экология министрлігіне өкімдіктермен бірлесіп, жұртшылықпен тұрақты кездесулер өткізе отырып, өңірлердің экологиялық проблемаларын кешенді шешу жөніндегі жол карталарын толық әрі уақытылы іске асыруды тапсырды. Премьер-министр барлық рұқсат етілмеген кокасы үйінділерін жою, сондай-ақ полигондардан тасуылған ресурстарын жабу және қалпына келтіру бойынша пәрменді шараларды қабылдау қажет екенін атап өтті. Бүгінде өңірлерде 3,5 мың қатты тұрмыстық қалдықтарды орналастыру объектісі жұмыс істейді, олардың тек 620-сы (17,6%-ы) оларға қойылатын талаптарға сай келеді. Экология министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, Қазақстанның төмен көміртектегі дамуының 2050 жылға дейінгі тұжырымдамасын әзірлеуді тездету және оның жобасын келесі жылдың басында Үкіметке енгізу жүйелі.

► ТУҒАН ЖЕР



МАРҚАҚОЛ КӨЛІ ►

Шығыс Қазақстандағы өзінің керемет пейзаждарымен ерекшеленетін, әсіресе күн батқан немесе таң атқан кезде, таңғажайып әдемі көрінетін орын – Марқакөл көлі. Туристердің арасында кристалды таза, мөлдір сулармен танымалдыққа ие болды. Көл тұщы сулардың қатарында және бүгінгі күні атамалық табиғат қорығының ең маңызды бөлігі болып табылады. Марқакөлдің көркем жағалау аймақтары бай флора мен фауна әлемін қамтиды. Жергілікті ландшафттарға 700-ден астам өсімдік түрлері өсетін шабындықтар, таулы ормандар, тайга жатады, ал фауна өкілдерінен қоңыр аюлар, қар барыстары, құрлар, жабайы қабандар, қасқырлар, бұғылар және басқа да ғажайып жануарлар бар. Көлдің қысы өте қатал, ал жаз мезгілдері әрдайым жылы әрі қолайлы.

